

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі
Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті

2025 жылғы «23» 10.

№ 2 хаттама

Университеттің академиялық
кеңесінің отырысында бекітілді
Академиялық кеңестің төрағасы

 О.К. Андрющенко



ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАЦИЯ БАҒДАРЛАМАСЫ

6B01210 – «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы»

Павлодар қ.

Құрастырушы: ф.ғ.к., PhD Бахралинова А.Ж.
Пед. ғылымдарының магистрі, аға оқытушы Темиржанова А.Ж.
Пед. ғылымдарының магистрі, аға оқытушы Бекишева А.А.

ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАЦИЯ БАҒДАРЛАМАСЫ

6B01210 – «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту педагогикасы» білім беру бағдарламасы бойынша оқытылатын студенттерге арналған

Бағдарлама 6B01210 – «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту педагогикасы» білім беру бағдарламасының негізінде әзірленген

Академиялық мәселелер және сапаны қамтамасыз ету комитетінің 02.10 2025 ж. өткен отырысында ұсынылды, хаттама № 2

ББ жетекшісі А.Ж. Бахралинова

Академиялық мәселелер және сапаны қамтамасыз ету комитетінің төрағасы М.С. Утегенова

ПЖМ Кеңесімен мақұлданды 09.10 2025 ж., № 2 хаттама

ПЖМ Кеңесінің төрағасы Жапарова Б.М.

Жалпы ережелер

Бітіру курсына 6B01210-«Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы» білім беру бағдарламасы бойынша мемлекеттік емтихан мен кешенді мемлекеттік емтихан өткізу көзделеді. Емтихандар мектепке дейінгі ұйымдардың болашақ тәрбиешілерінің теориялық және әдістемелік даярлығын тексерудің құралы болып табылады.

Емтихандарда түлектер ең алдымен өздері меңгерген пәндер бойынша алған білімдерін тәжірибеде қолдана білу дағдыларын көрсетуі тиіс. Сонымен қатар, студенттер мектепке дейінгі жастағы балаларды оқытудың мазмұнын, әдістерін, формалары мен құралдарын білуін нақты мысалдар арқылы дәлелдеуі қажет. Бұл мысалдар тек дәстүрлі әдістемеден ғана емес, сонымен қатар әдістемелік ғылым мен заманауи педагогиканың даму үрдістерін білетіндігін де көрсетуі тиіс.

Тиісті мысалдар келтіре отырып, түлектер келесі практикалық дағдыларын көрсетуі қажет: мақсат қоя білу, мектепке дейінгі балаларға арналған оқулықтардағы тапсырмалардың әдістемелік мағынасын анықтау, теориялық білімдерін оқыту теориясы мен технологиясының практикалық мәселелерін шешуде қолдану.

Мемлекеттік емтиханға (кешенді мемлекеттік емтиханға) дайындық барысында студенттер оның бағдарламасымен және кәсіби даярлыққа қойылатын талаптармен таныс болуы тиіс. Бағдарламада қарастырылған мәселелердің мазмұнын ашатын шолу дәрістері өткізіледі. Бұл дәрістердің мазмұны мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиенің теориясы мен технологиясының заманауи және өзекті мәселелерін, мектепке дейінгі ұйымдар әдістемесін, педагогикалық ғылым мен озық тәжірибенің соңғы жетістіктерін қамтуға бағытталуы керек. Сондай-ақ дәрістер барысында мемлекеттік емтиханның нақты сұрақтарына (тест немесе ауызша) жауап беру үлгілерін көрсететін мысалдар ұсынылады.

Мемлекеттік емтихан барысында түлектер келесі әдебиеттерді пайдалана алады:

- Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- 6B01210 – «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы» білім беру бағдарламасына арналған үлгілік бағдарламалар;
- мемлекеттік емтихан бағдарламасы;
- мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының әдістемелік нұсқаулықтары, дидактикалық материалдар;
- дидактикалық ойындар мен қызықты жаттығулар және басқа да материалдар.

Жалпы ережелер (жоғары оқу орындарында оқитын білім алушылардың қорытынды аттестациясы туралы МЖМБС-тан үзінді):

Жоғары оқу орындарында қорытынды аттестацияны өткізу нысандары жоғары оқу орындарының ведомстволық бағыныстылығына сәйкес мемлекеттік органдар бекітетін білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестация жүргізу қағидаларымен айқындалады.

Кешенді емтихан бағдарламасы еңбек нарығының талаптарына сәйкес жоғары білім беру бағдарламасының мазмұнына сай келетін интеграцияланған білім мен негізгі құзыреттерді қамтиды.

Дипломдық жұмыстарды/жобаларды қорғау тәртібі

Дипломдық жұмыстар (жобалар) тақырыптары түлектерді даярлайтын білім беру бағдарламасы тарапынан әзірленеді. Білім алушы дипломдық жұмыс (жоба) тақырыбын бекітілген тақырыптар тізімінен таңдайды. Дипломдық жұмыс (жоба) тақырыбы түлектік курс басында білім алушыға бекітіліп, университет ректорының бұйрығымен мақұлданады.

Дипломдық жұмыс (жоба) жазу үшін білім беру бағдарламасының жетекшісінің немесе жоғары мектеп деканының ұсынуымен әр білім алушыға ғылыми жетекші тағайындалады.

Дипломдық жұмыс (жоба) алдын ала қорғау рәсімінен өту үшін білім беру бағдарламасының жетекшісіне ұсынылады.

Дипломдық жұмысты (жобаны) алдын ала қорғау рәсімі жоғары мектеп деканы бекіткен комиссияның ашық отырысында, білім алушылардың және ғылыми жетекшінің міндетті қатысуымен өткізіледі. Алдын ала қорғау нәтижелері комиссия отырысының хаттамасымен рәсімделеді.

Алдын ала қорғау рәсімінен сәтті өткеннен кейін және ғылыми жетекшінің, ғылыми кеңесшінің (бар болған жағдайда) оң пікірлері мен «қорғауға жіберілсін» деген қорытындысы болған жағдайда дипломдық жұмыс (жоба) плагиатқа тексеруден өтеді, яғни дереккөздерге сілтеме жасамай алынған материалдардың болмауы анықталады.

Жазбаша жұмысты қорғауға жіберудің негізгі өлшемі – мәтіннің 60% түпнұсқалығы болып табылады. Бұл талап орындалмаған жағдайда жұмыс қабылданбайды.

Алдын ала қорғаудан сәтті өткен және белгіленген талаптарға сәйкес рәсімделген аяқталған дипломдық жұмыс (жоба) білім алушы мен ғылыми кеңесшілердің қолымен расталып, ғылыми жетекшіге ұсынылады.

Ғылыми жетекші дипломдық жұмысқа (жобаға) жазбаша пікір жазады.

Дипломдық жұмыс (жоба) мақұлданған жағдайда ғылыми жетекші оны қолымен растап, қорғауға жіберу туралы жазбаша пікірмен бірге білім беру бағдарлама жетекшісіне ұсынады.

Дипломдық жұмыс (жоба) мақұлданбаған жағдайда ғылыми жетекші оған қол қоймайды, бірақ жұмысты қорғауға жібермеу туралы шешімін негіздеп, жазбаша пікір жазады.

Рецензенттер тізімі білім беру бағдарламасының жетекшісінің немесе жоғары мектеп деканының ұсынуы бойынша, дипломдық жұмыс (жоба) бағытына сәйкес келетін білім беру, ғылыми және басқа да ұйымдардың мамандары арасынан университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.

Рецензенттер ретінде басқа жоғары оқу орындарының профессорлары, доценттері және оқытушылары да тартылуы мүмкін.

Рецензент дипломдық жұмысқа (жобаға) жазбаша рецензия ұсынады.

Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау тәртібі қазіргі уақытта қолданыстағы ҚР Оқу-ағарту министрлігінің нормативтік құжаттарымен реттеледі.

Дипломдық жұмыс (жоба) ашық түрде, аттестаттау комиссиясының

кемінде жартысы қатысқан отырыста қорғалады.

Қорғау рәсімі жария түрде өткізіледі, оған білім алушылар, бітіруші білім беру бағдарламасының оқытушылары қатысады. Сондай-ақ қорғауға ғылыми жетекші, дипломдық зерттеу жүргізілген ұйымның өкілдері және өзге де мүдделі тұлғалар шақырылуы мүмкін.

Қорғау барысында білім алушы аттестаттау комиссиясы мен қатысушылар алдында 15 минуттан аспайтын баяндама жасайды.

Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау нәтижелері балдық-рейтингтік жүйе бойынша бағаланады. Бағалау кезінде білім алушының теориялық, ғылыми және практикалық дайындық деңгейі, ғылыми жетекшінің пікірі және рецензенттің бағасы ескеріледі.

Дипломдық жұмыс (жоба) қорғау нәтижелері әрбір білім алушы бойынша жеке рәсімделіп, аттестаттау комиссиясының отырысының хаттамасында көрсетіледі және сол күні жарияланады.

Кешенді емтиханға шығарылатын пәндердің тізімі

- «Мектепке дейінгі педагогика және психология»
- «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың әдістемесі»
- «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту теориясы мен әдістемесі»
- «Математика неіздері»
- «Балалардың шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамыту»
- «Қоршаған ортамен таныстыру теориясы мен әдістемесі»

Бірінші кешенді емтиханның өткізілу тәртібі мен құрылымы

Бейіні бойынша әдістемелік білімдерді, мектепке дейінгі педагогика мен психологияны қамтитын міндетті кешенді мемлекеттік емтихан (кешенді емтихан №1) тестілеу түрінде өткізіледі.

Тестілеу 50 тест тапсырмасынан тұрады. «Оқу пәнінің мазмұны» бойынша тест тапсырмалары тереңдетілген академиялық білімді, сондай-ақ практикалық іскерлік пен дағдыларды тексеруге бағытталған.

Осы мақсатта бірнеше ұсынылған нұсқалардың ішінен бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тапсырмалар қолданылады.

Тест құрылымы

Блок	Тапсырмалар саны	Тапсырма нысаны
Бейіні бойынша тәрбие мен оқыту әдістемесі	25	Бір дұрыс жауапты таңдау түріндегі тапсырмалар
Мектепке дейінгі педагогика және психология	25	Бір дұрыс жауапты таңдау түріндегі тапсырмалар

**«Бейіні бойынша тәрбие мен оқыту әдістемесі»
деңгейі бойынша
Педагогтердің білімін бағалауға арналған тест спецификациясы**

1. **Мақсаты:** Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу бағдарламаларын іске асыратын мектепке дейінгі ұйымдарда жұмыс істейтін педагогтарды аттестаттау барысында педагогтердің білімін бағалау тест тапсырмаларын әзірлеу мақсатында құрастырылған.

2. **Міндеті:** Педагогтердің біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.

3. **Мазмұны:** «Бейіні бойынша тәрбие және оқыту әдістемесі» деңгейі бойынша оқу бағдарламасына сәйкес оқу материалдары енгізілген.

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Мақсаты
1	Мектеп дейінгі тәрбие мен оқытудың әдістемесі	1	Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеудің дыбыстық мәдениетін, сөздік қорды, тілдің грамматикалық құрылымын қалыптастыру. Сауат ашу әдістемесі	Сөйлеудің дыбыстық мәдениетін: дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді – антонимдерді енгізу. Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдануға үйрету
		2	Мектеп жасына дейінгі байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру және көркем әдебиетпен таныстыру әдістемесі.	Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға және неғұрлым күрделі сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қоюға, қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармаларды оқып беру арқылы кітап оқуға баулу. Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға

			(ауызша) үйрету. Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. Берілген сөзге сөйлем құрастыру. Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.
	3	Мектеп жасына дейінгі балалардың жиын, сан, геометриялық фигуралар туралы түсініктерін қалыптастыру әдістемесі	Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгерту. Жиын, сан, геометриялық фигуралар туралы түсініктерін қалыптастыруды күн сайын дидактикалық ойындар, танымдық әңгімелер, бейнелеу және құрастыру әрекеті, эксперимент жасау, математикалық мазмұндағы театрландырылған әрекет, әңгіме, дербес және басқа да әрекеттер арқылы еркін ойын түрінде ұйымдастыру
	4	Мектеп жасына дейінгі балаларға уақыт пен кеңістік және салмақ туралы түсініктерін қалыптастыру	Мектеп жасына дейінгі балаларға уақыт пен кеңістік және салмақ туралы түсініктерін қалыптастыруды бақылау, ойын арқылы ұйымдастыруды білу
	5	Мектеп жасына дейінгі балаларды қоршаған ортамен таныстыру әдістемесі	Мектеп жасына дейінгі балаларды қоршаған ортамен таныстыру. Күн сайын объектілер мен заттарды бақылау (тірі және өлі табиғат) зерттеу, материалдармен эксперимент жасауды ұйымдастыру
	6	Мектеп жасына дейінгі балаларға сурет салу және мүсіндеуді үйрету әдістемесі	Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көкөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу. Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету. Сурет салуда, мүсіндеуде қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу
	7	Мектеп жасына	Балалардың құрастыруға

			дейінгі балаларға құрастыру, жапсыру іс-әрекеттеріне үйрету әдістемесі	қызығушылығын арттыру, конструктордың көмегімен ой-өрістерін, стратегиялық ойлауын дамыту. Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін ажыратуға, атауға және қолдануға үйрету: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрышты призмалар, бұрынырақ қалыптасқан дағдыларын қолдана отырып жаңа ғимараттар салу: қалау, бекіту. Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру, қиялын дамыту. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыруды үйрету. Желімдеудің техникасын үйрету. ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Жапсыру, құрастыру барысында қауіпсіздік техникасын сақтауға үйрету
2	Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына (МЖМБС) сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар	8	Терминдер мен олардың анықтамалары	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізгі терминдері мен олардың анықтамаларын білу
		9	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ҚР ОАМ 03.08.2022 ж. №348 бұйрығы)	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының мазмұнын білу
		10	Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптары тәрбиелеу-білім беру қызметін іске асыратын нормативтік құқықтық актілер және тәрбиелеу-білім беру процесі (ҚР ОАМ №348, №394, №422 бұйрықтары)	Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптары тәрбиелеу-білім беру қызметін іске асыратын нормативтік құқықтық актілерге сәйкес тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруды әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып жалпыадамзаттық, ұлттық құндылықтар негізінде, мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуетін ашу мен дамыту арқылы іске асыру
		11	Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары (ҚР ОАМ 31.08.2022 ж. №385 бұйрығы)	Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің жалпы үлгілік қағидалары, міндеттері жас топтары толықтырылуы және мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің тәртібі туралы білу
3	Мектепке	12	Мектепке дейінгі	Мектепке дейінгі ұйымда ойын түріндегі

	дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес тәрбиеленушілердің оқу жүктемесі көлеміне қойылатын талаптар		ұйымдағы мектепалды топқа/ мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сыныпқа арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (5 жастағы балалар) (ҚР ОАМ 09.09.2022 жылғы №394 бұйрығы)	түрлі балалар әрекеттерін (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес тәрбиеленушілердің оқу жүктемесі көлеміне қойылатын талаптар негізінде ұйымдастыру.
4	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұны	13	Ерте жас тобы (1 жастағы балалар) балаларының меңгеретін дағдылары бойынша мақсат-міндеттері, мазмұны, күтілетін нәтижелері (ҚР ОАМ 17.10.2022 жылғы №422 бұйрығы)	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мақсаты, міндеттері, мазмұны және күтілетін нәтижелеріне сәйкес ерте жас тобындағы (1 жастағы балалар) балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ойын түрінде ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы жүзеге асыра білу
		14	Кіші топ (2 жастағы балалар) балаларының меңгеретін дағдылары бойынша мақсат-міндеттері, мазмұны, күтілетін нәтижелері (ҚР ОАМ 17.10.2022 жылғы №422 бұйрығы)	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мақсаты, міндеттері, мазмұны және күтілетін нәтижелеріне сәйкес, кіші топ (2 жастағы балалар) балаларының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ойын түрінде ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы жүзеге асыра білу
		15	Ортаңғы топ (3 жастағы балалар) балаларының меңгеретін дағдылары бойынша мақсат-міндеттері, мазмұны, күтілетін нәтижелері (ҚР ОАМ 17.10.2022 жылғы №422 бұйрығы)	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мақсаты, міндеттері, мазмұны және күтілетін нәтижелеріне сәйкес, ортаңғы топ (3 жастағы балалар) балаларының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ойын түрінде ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы жүзеге асыра білу
		16	Ересек топ (4 жастағы балалар) балаларының меңгеретін дағдылары бойынша мақсат-міндеттері, мазмұны, күтілетін	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мақсаты, міндеттері, мазмұны және күтілетін нәтижелеріне сәйкес, ересек топ (4 жастағы балалар) балаларының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ойын түрінде ұйымдастырылған іс-әрекеті

			нәтижелері (ҚР ОАМ 17.10.2022 жылғы №422 бұйрығы)	арқылы жүзеге асыра білу
		17	Мектепалды топ, мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сынып (5 жастағы балалар) балаларының меңгеретін дағдылары бойынша мақсат-міндеттері, мазмұны, күтілетін нәтижелері (ҚР ОАМ 17.10.2022 жылғы №422 бұйрығы)	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мақсаты, міндеттері, мазмұны және күтілетін нәтижелеріне сәйкес, Мектепалды топ, мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сынып (5 жастағы балалар) жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ойын түрінде ұйымдастырылған іс- әрекеті арқылы жүзеге асыра білу
Мәнімәтіндік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б).				

4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Мектеп дейінгі тәрбие мен оқытудың әдістемесі: Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеудің дыбыстық мәдениетін, сөздік қорды, тілдің грамматикалық құрылымын қалыптастыру. Мектеп жасына дейінгі байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру және көркем әдебиетпен таныстыру әдістемесі. Мектеп жасына дейінгі балалардың жиын, сан, геометриялық фигуралар туралы түсініктерін қалыптастыру әдістемесі. Мектеп жасына дейінгі балаларға уақыт пен кеңістік және салмақ туралы түсініктерін қалыптастыру. Мектеп жасына дейінгі балаларды табиғатпен таныстыру әдістемесі. Мектеп жасына дейінгі балаларға сурет салу және мүсіндеуді үйрету әдістемесі. Мектеп жасына дейінгі балаларға құрастыру, жапсыру іс-әрекеттеріне үйрету әдістемесі.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар: Терминдер мен олардың анықтамалары. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптары тәрбиелеу-білім беру қызметін іске асыратын нормативті-құқықтық актілер және тәрбиелеу-білім беру процесі. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес тәрбиеленушілердің оқу жүктемесі көлеміне қойылатын талаптар: Ерте жастан бастап мектепалды даярлыққа дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары. Мектепке дейінгі ұйымдағы мектепалды топқа/мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сыныпқа арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (5 жастағы балалар). Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұны: Ерте жас тобы (1жастағы балалар) балаларының меңгеретін дағдылары бойынша мақсат-міндеттері, мазмұны, күтілетін нәтижелері. Кіші топ (2 жастағы балалар) балаларының меңгеретін дағдылары бойынша мақсат-міндеттері, мазмұны, күтілетін нәтижелері. Ортаңғы топ (3 жастағы балалар) балаларының меңгеретін дағдылары бойынша мақсат-міндеттері, мазмұны, күтілетін нәтижелері. Ересек топ (4 жастағы балалар) балаларының меңгеретін дағдылары бойынша мақсат -

міндеттері, мазмұны, күтілетін нәтижелері. Мектепалды топ, мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сынып (5 жастағы балалар) балаларының меңгеретін дағдылары бойынша мақсат-міндеттері, мазмұны, күтілетін нәтижелері

5. Тест тапсырмасының формасы:

Тест тапсырмалары 3 күрделілік деңгейінен тұрады.

6. Жеке тапсырмалар мен жалпы жұмысты бағалау:

Бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға 0 балл беріледі.

**«Мектепке дейінгі педагогика және психология»
деңгейі бойынша**

Педагогтердің білімін бағалауға арналған тест спецификациясы

1. Мақсаты: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу бағдарламаларын іске асыратын мектепке дейінгі ұйымдарда жұмыс істейтін педагогтарды аттестаттау барысында педагогтердің білімін бағалау тест тапсырмаларын әзірлеу мақсатында құрастырылған.

2. Міндеті: Педагогтердің біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.

3. Мазмұны: «Мектепке дейінгі педагогика және психология» деңгейі бойынша оқу бағдарламасына сәйкес оқу материалдары енгізілген.

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Мақсаты
1	Мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу және дамыту бағыттары	1	Мектепке дейінгі ұйым педагогі: маман және тұлға	Мектепке дейінгі ұйым педагогінің кәсіби және тұлғалық құзыреттілігі туралы білу
		2	Сәби шақтағы балалардың негізгі даму ерекшеліктері және әлеуметтенуі(1-3 жас)	Сәби шақтағы балалардың негізгі даму ерекшеліктерін (1-3 жас) білу. Өртүрлі өмірлік және ойын жағдаяттарында әлеуметтік қатынастар жүйесіне ену негізінде баланың әлеуметтік тәжірибесін, жеке қасиеттерін қалыптастыру. Әлеуметтік – эмоционалды дағдыларды қалыптастыру
		3	Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесі	Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді, ол қимыл белсенділігі, дене шынықтыру – сауықтыру шаралары (танертеңгі жаттығу, сергіту сәті, шынықтыру шаралары), мәдени-гигиеналық дағдылар, ойын әрекеті, дербес белсенді және т.б. әрекеттер арқылы күн тәртібіне сәйкес ұйымдастыру.

		4	Мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік (сенсорлық) тәрбиесі	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуді қарастыру. Ерте жас топтарында балаларды түспен, пішінмен, көлеммен таныстыруға, ұсақ және ірі моториканы дамытуға, кеңістікті бағдарлауға ықпал ететін сенсомоторлы орталық құруға үйрету. Мектеп жасына дейінгі балалар үшін математика негіздерін күн сайын дидактикалық ойындар, танымдық әңгімелер, бейнелеу және құрастыру әрекеті, эксперимент жасау, математикалық мазмұндағы театрландырылған әрекет, әңгіме, дербес және басқа да әрекеттер арқылы ойын түрінде ұйымдастыру. Қоршаған ортамен танысу күн сайын объектілер мен заттарды бақылау (тірі және өлі табиғат) зерттеу, материалдармен эксперимент жасау, педагогтің сәйкес ақпаратты оқып беруі, кітаптарды және иллюстрацияларды қарау, әңгімелесу, қарым-қатынас, ойын әрекеті арқылы іске асыру.
		5	Мектеп жасына дейінгі балалардың еңбек тәрбиесі	Мектеп жасына дейінгі балалардың өзіне-өзі қызмет ету, табиғаттағы еңбек, қолөңбегі, ересектердің еңбегін бақылауды ұйымдастыру. Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға үйрету. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау.
		6	Мектеп жасына дейінгі балалардың эстетикалық тәрбиесі	Баланың табиғаттағы әсемдік пен сұлулықты танып, ұғынып және оны ажыратып рухани әспеттеп қабылдай білуге үйрету. Өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсініктерін қалыптастыру

		7	Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік тәрбиесі	Балалардың жалпы қабылданған моральдық-адамгершілік нормалар мен құндылықтарды меңгеруіне ықпал ету. Дөрекілікке, сараңдыққа теріс көзқарас қалыптастыру; басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу. Ненің "дұрыс" немесе "дұрыс емес", "жақсы" немесе "жаман" екені туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Жақын адамдарының сезімін эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу (жанашырлық, қамқорлық таныту). Ата- аналарын сыйлауға баулу.
		8	Баланы мектепке даярлау	Баланың мектепке физиологиялық, әлеуметтік-психологиялық, зияткерлік даярлығын қалыптастыру Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын игертудің Үлгілік оқу бағдарламасына қосымшада ұсынылған баланың туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі біліктері мен дағдыларының тізбесіне сәйкес мүмкін жетістіктерін айқындайтын нысаналы нәтижелерге жете алуы. Мектепте оқуға дайын баланың бойында келесі қасиеттерді қалыптастыра алуы: физикалық дамыған; ізденімпаз; бастамашыл; табанды; бейімделуге қабілетті, көпшіл; өзіне сенімді; топта жұмыс жасай білетін; эмоциясымен бөлісетін; өзі, отбасы, елі, әлем және табиғат туралы алғашқы түсініктерге ие.

		9	Балабақша мен отбасының өзара әрекеттестігі	Отбасы мен әріптестік қарым-қатынас орнатуға, балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіруге, өзара түсіністік атмосферасын құру, мүдделердің ортақтығын, мектепке дейінгі ұйымның тәрбиеленушілері мен педагогтері, ата-аналар арасында қарым-қатынасқа деген оң көзқарас пен тілектестікті қолдауға, балалардың ата-аналарына және заңды өкілдеріне арналған консультациялық кеңестің жұмысын кеңейту, ата-аналармен (заңды өкілдерімен) ынтымақтастықта қарым-қатынас орнатудың тиімді практикаларын білуі.
		10	Мектепке дейінгі ұйымдарда заттық – кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыру	Заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, күні бойы өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, балалардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар қауіпсіз, қолжетімді, мазмұнды, бай, вариативті, көп атқарымды, дамытушы заттық ортаны ұйымдастыра алуы.
		11	Ойын әрекеті және оны ұйымдастыру әдістемесі	Ойын (дидактикалық, кимылды, музыкалық, театрландырылған, сюжетті-рөлдік, драма ойындары және т.б.) арқылы балалардың қоршаған әлемді тану қабілеті мен күнделікті әрекетін ұйымдастыру. Балаларды әртүрлі, қарқынды ойын әрекеттеріне, еркін ойын ұйымдастыруға ынталандыру балаларға ойын барысында қажет болуы мүмкін заттарды (үстелдер, орындықтар, мата қиындылары, орамалдар, тақтайшалар, төсеніштер, жастықтар, әртүрлі табиғи материалдар және т.б.) дайындау немесе олардың қиялын оятуға мүмкіндік беру.
2	Балалардың психологиялық даму ерекшеліктері	12	Мектеп жасына дейінгі балалардың түйсік, қабылдау, ес, ойлау, сөйлеу, қиялдау процестерінің даму ерекшеліктері	Мектеп жасына дейінгі балалардың түйсік, қабылдау, ес, ойлау, сөйлеу, қиялдау процестерінің даму ерекшеліктерін білуі
		13	Мектеп жасына дейінгі балалардың зейін, эмоциясының, сезім, ерік-жігерінің даму ерекшеліктері	Мектеп жасына дейінгі балалардың зейін, эмоциясының, сезім, ерік-жігерінің даму ерекшеліктерін білуі

4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу және дамыту бағыттары: Мектепке дейінгі ұйым педагогі: маман және тұлға. Сәби шақтағы балалардың негізгі даму ерекшеліктері және әлеуметтенуі(1-3 жас). Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесі. Мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік тәрбиесі. Мектеп жасына дейінгі балалардың еңбек тәрбиесі. Мектеп жасына дейінгі балалардың эстетикалық тәрбиесі. Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік тәрбиесі. Баланы мектепке даярлау. Балабақша мен отбасының өзара әрекеттестігі. Мектепке дейінгі ұйымдарда заттық – кеңістіктік дамытушы орта. Ойын әрекеті және оны ұйымдастыру әдістемесі.

Балалардың психологиялық даму ерекшеліктері: Мектеп жасына дейінгі балалардың түйсік, қабылдау, ес, ойлау, сөйлеу, қиялдау процестерінің даму ерекшеліктері. Мектеп жасына дейінгі балалардың зейін, сезім, ерік, әрекетінің даму ерекшеліктері.

5. Тест тапсырмасының формасы:

Тест тапсырмалары 3 күрделілік деңгейінен тұрады.

6. Жеке тапсырмалар мен жалпы жұмысты бағалау: Бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға 0 балл беріледі.

МЕМЛЕКЕТТІК ЕМТИХАН №2

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Мектепке дейінгі білім берудің мақсаты мен міндеттері.

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының негізгі мазмұны мен ерекшеліктері.

3. Мектепке дейінгі педагогика – мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу, дамыту және оқыту туралы ғылым. Мектепке дейінгі педагогиканың ғылым ретіндегі функциялары.

4. Мектепке дейінгі ұйымдардың түрлері және олардың ерекшеліктері. Мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбиелік жұмыстың түрлері.

5. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастырылған ойын әрекет.

6. Ерте жастағы балалардың дамуы мен тәрбиесінің ерекшеліктері.

7. Отбасылық тәрбиенің мақсаттары, міндеттері мен мазмұны. Ата-аналармен жұмыс түрлері.

8. Мектепке дейінгі жастағы балалардың адамгершілік тәрбиесі: мазмұны мен ұйымдастыру әдістемесі.

9. Мектепке дейінгі жастағы балалардың ақыл-ой және сенсорлық тәрбиесі: мазмұны мен ұйымдастыру әдістемесі.

10. «Адал азамат» бағдарламасы: мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиелік жұмыстың мақсаттары, міндеттері мен негізгі бағыттары.

11. Мектепке дейінгі жастағы балалардың еңбек тәрбиесі: мазмұны мен ұйымдастыру әдістемесі.

12. Мектепке дейінгі жастағы балалардың эстетикалық тәрбиесі: мазмұны мен ұйымдастыру әдістемесі.

13. Мектепке дейінгі ұйымдағы заттық-дамытушы ортаның мазмұны. Кіші және ортаңғы топтарда (1–3 жас) заттық-дамытушы ортаны ұйымдастыру.

14. Мектепке дейінгі жастағы балалардың қауіпсіз мінез-құлқын тәрбиелеудің міндеттері, мазмұны және заманауи технологиялары.

15. Мектепке дейінгі жастағы балалардың негізгі іс-әрекеті ретінде ойын, оның функциялары және түрлері.

16. Мектепке дейінгі ұйымдағы күн тәртібін ұйымдастырудың мазмұны мен әдістемесі.

17. Мектепке дейінгі жастағы балалар өміріндегі ойыншық түрлері және олардың маңызы.

18. «Педагог» кәсіптік стандарты бойынша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиешісі» қызметінің негізгі мақсаты мен міндеттері.

19. Балабақша мен отбасының өзара ынтымақтастығы.

20. Тәрбиелік жұмысты ұйымдастырудың формалары, әдістері мен тәсілдері.

21. Арнайы білім беру қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеу.

